

«Астана Innovations» АҚ қаржылық құрал арқылы инновациялық жобаларды қаржыландыру бағдарламасы бойынша семинар ұйымдастырылды

2014 жылғы 18 сәуірде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде коммерцияландыру кеңсесі «Астана Innovations» АҚ басшылығы мен сарапшыларын шақырып семинар ұйымдастырған болатын, ол кезде жобаны құру идеясы сәтінен бастап жүзеге асырылған кезеңіне дейін жас ғалым мен дарынды стартаперге инновациялық идеяларды шынайы жобаға асыруды қаржыландыру және қолдану көрсету бағдарламалары ұсынылды.

«Астана Innovations» АҚ 2011 жылы Астана қаласы әкімдігінің 100% қатысуымен қалада инновациялық идеяны енгізу үшін оңтайлы жағдайды қамтамасыз ету мақсатында құрылды.

Компания инновация саласында бастамашыл кәсіпкерлерге барлық жағдай жасайды, үрдіс пен өнімнің тиімділігін өсіру үшін инновациялық идеяны дамыту, сонымен қатар қала аумағында енгізу және қаржыландыруға қолдау көрсетеді.

Семинарға «С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университеті» АҚ Басқарма бастығының ғылым мен инвестиция жөніндегі орынбасары – Л.Ү.Садықова; «Астана Innovations» АҚ Басқарма бастығының орынбасары – Д.М.Досымқұлов; «Астана Innovations» АҚ Инкубация департаментінің директоры – С.Р.Өткелбаев; Инкубациялау және жобаны басқару дивизионының менеджері –А.А.Тәшетова шақырылды.



Семинардың ашылу сәті



«С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университеті» АҚ Басқарма бастығының ғылым мен инвестиция жөніндегі орынбасары – Л.Ү.Садықованың құттықтау сөзі

Семинарға 120 адам қатысты, оның басым бөлігін университетіміздің студент, магистрант, докторант, жас ғалымдары құрады.

Семинарда «Астана Innovations» АҚ қызметіне қатысты сұрақтар қарастырылды, қаржыландыру бағдарламалары түсіндірілді, нақтырақ айтар болсақ технологиялық бизнес-инкубация бағдарламасы, аталмыш бағдарламада қатысу мүмкіндігі, жобаның басты шарты мен жүзеге асырылу кезеңдері талқыланды.

Сонымен қатар, компания Астана қаласы аймағында жүзеге асырылып жатқан және аяқталған инновациялық жобалар туралы ақпарат ұсынды.

2011 жылдан «Астана Innovations» АҚ ТБИ-ға 117 тапсырыс түсті. Сарапшылар кеңесі оның ішінен мына жобаларды ұсынды:

- 11 жоба Астана қаласы аумағында жүзеге асты;
- 5 жоба жүзеге асырылу кезеңінде;
- 4 жоба келісім шарт пен қаржыландыру жасасу кезеңінде.

«Астана Innovations» АҚ жобалары

• **«Болашақ мектебі» жобасы** - №54 МЛ пилоттық жобасы, оның шеңберінде «оқушының электрондық төлқұжаты» және қол жетуін бақылаудың кешендік жүйесі енгізілген; стандарттық веб-порталдың қызметіне қойылатын талаптарға сай әлеуметтік желі әзірленген; контентті сүзгіден өткізу қызметі бар Интернет желісіне қосылу қамтамасыз етілген; «Е-асхана», «Е-кітапхана» модульдерін енгізу жолымен «оқушы төлқұжаты» қызметі кеңейтілді; «Бейнебақылау» және т.б. модуль енгізілген.

• **«Open-Wi-Fi» жобасы** – «Smart Actana» («Ақылды қала») концепциясы шеңберінде астана қонақтары мен тұрғындары үшін қоғамдық

орында Wi-Fi технологиясымен тегін сымсыз интернетпен қамтамасыз етуге бағытталған «Open-Wi-Fi» жобасы жүзеге асырылды.

- **«Е-жедел жәрдем» жобасы** – Астана қаласы Жедел жәрдем қызметі мен Денсаулық сақтау басқармасы қолдау көрсеткен және тұсауы кесілген. Денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп технологияны енгізу үшін Астана қаласының «Жедел медициналық көмек қалалық стансасы» МҚКК – жедел жәрдем стансасы деп анықталды.

- **Қазақстан Чех технологиялық орталығы** жобасын жүзеге асыру Астана қаласында жоғары технологиялық машина жасау орталығы мен білдек құрылысын дамыту базасын құруға мүмкіндік береді, жоғары технологиялық білдек жабдығында жұмыс жасай алатын инженерлік техникалық персонал оқытылады және шет елдік инвестиция тартылады. Жоба шеңберінде жаңа жоғары білікті жұмыс орындары құрылады.

- **3D технологиясының құзыреттілік орталығы** – компьютерлік графика саласында әлемдік озық 3D технологиясын тарту және аталмыш технологияны Қазақстан Республикасында енгізу үшін құрылған.

- **«Smart Astana» жобасы** – Астана қаласы тұрғындарының өмір сүру сапасын көтеру; Астана қаласының көлемді бәсекеге қабілеттілігін көтеру; Астана қаласын басқару жүйесін әсерлігін көтеруге бағытталған.

- басқа да жобалар.


«Астана Innovations» АҚ басқарма бастығының орынбасары Д.М.Досымқұлов мырза «Астана Innovations» АҚ арқылы жүзеге асырылатын жобаның бәрі бірдей коммерцияланбайды; басым көпшілігі коммерциялық емес әлеуметтік жоба, дегенмен, астана тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру мақсатында қолдау табады және дамытылады деп атап өтті.

«Астана Innovations» АҚ қызметінің негізгі бағыттарының бірі инновациялық жобаларды технологиялық бизнес-инкубациялау.

Технологиялық бизнес-инкубация – шағын инновациялық кәсіпорынды қолдау, жаңа ғылыми ауқымды және инновациялық белсенді компанияны құру, олардың қалыптасуы мен дамуының бастапқы кезеңінде сәтті қызметке көмек көрсетуге бағытталған үрдіс.

Бизнес-инкубация негізгі мақсаты - даяр жобаға жас жаңашылдардың идеясын жүзеге асыруда қолдау көрсету.

Технологиялық бизнес-инкубацияның негізгі міндеті – start-up-компанияны дамытуға жағымды жағдай жасау.



Жобаны іріктеу тәртібі

«Астана Innovations» АҚ инкубация департаментінің директоры С.Р.Өткелбеков мырза бизнес-инкубация шеңберінде Астана қаласы аумағында жаңа инновациялық идея мен жобаны іздестіру және сараптау компанияда тұрақты түрде жүзеге асырылатындығын айтты. Тапсырыс берушілердің үздіктері қаржыландырылады, инфрақұрылымдық қолдау көрсетіледі, сондай-ақ кадр іріктеуде де көмек көрсетіледі.

Сонымен қатар, «Астана Innovations» АҚ қызмет көрсету тізімінде:

- кәсіпорынға технологиялық аудит жасау;
- бизнес-инкубатор;
- жобаны технологиялық сараптау;
- инновациялық қызметті ақпараттық жариялау;
- венчурлық қаржыландыру;
- инвесторларға Қызмет көрсету орталығы қызмет етеді.

Жаңа идея мен жоба туындау, қалыптасуына жағдай жасау, бастамашыл кәсіпкерлер қызметіне көмек беру үшін технологиялық бизнес-инкубаторда апта сайын дөңгелек үстел, тренинг, кездесулер ұйымдастырылады. Жыл сайын Астана Хакатон шарасы өткізіледі, оның мақсаты - программалау және интернет-медиа мен Astana Startup Weekend саласында шығармашыл жастардың бастамасына қолдау көрсету, ол жерде жас кәсіпкерлер ұжым жинау, сарапшылар кеңесін алуларына мүмкіндік алады.

«Астана Innovations» АҚ сарапшылары «Қазақ агротехникалық университеті» АҚ студенттері ТБИ конкурсына қатысу үшін тапсырыс беруде белсенділік танытатынын атап өтті.

Шақырылған қонақтар семинар тақырыбына шынайы қызығушылық танытты, ТБИ бағдарламасына қатысты конкурсқа қатысу шарты, жасына әрі басқа да шектеу, қаржыландыру жағдайына қатысты сауалдар қойылды.

Компанияның жобаны жүзеге асыру және жаңашыл технологияны енгізу саласындағы сәтті тәжірибесін басшылыққа алып коммерцияландыру кеңсесі С.Сейфуллин атындағы ҚАЗАТУ ғылыми әзірлемесін жылжыту әрі

коммерциялау мақсатында «Астана Innovations» АҚ болашақта да бірлескен ынтымақтастықты жалғастырады.



«Астана Innovations» АҚ қызметінің таныстырылымы





Семинардың тыңдармандары